



БҮЙРЫҚ

*Дарын өз көркемдек*  
Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 315

город Астана

**Жылу оқшаулағыш материалдардың жекелеген түрлерін әкелуді реттеудің  
кеібір мәселелері туралы**

«Сауда қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабының 2-тармағына және 18-бабының 1-тармағына, «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 11) тармақшасына және 22-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына, Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 47-бабына, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа 7-қосымшаның 10-бөліміне сәйкес **БҮЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасының аумағына үшінші елдерден көбіктенген синтетикалық резеңкеден жасалған жылу оқшаулағыш материалдың жекелеген түрлерін (Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасы коды (бұдан әрі - ЕАЭО СЭҚ ТН коды) ЕАЭО СЭҚ ТН коды 4008110000 жолақтар немесе таспаларды қоспағанда; ЕАЭО СЭҚ ТН коды 4009110000 құбырлар мен шлангтарды қоспағанда; ЕАЭО СЭҚ ТН коды 4009120009 басқа құбырлар мен шлангтарды қоспағанда) көліктің барлық түрлерімен әкелуге алты ай мерзімге тыйым салу енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыш министрлігінің Өнеркәсіп комитеті:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметімен өзара іс-қимыл кезінде бақылауды қамтамасыз ету туралы осы бұйрықтың 1-тармағын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен іске асыру бойынша;

2) Қазақстан Республикасы Қоғамдық мемлекеттік қызметтер министрлігінің Теміржол және су көлігі комитеті және «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамына (келісім бойынша) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың 1-тармағын іске асыру жөнінде шаралар қабылдау туралы хабарласын;

3) Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі белгіленген тәртіппен Еуразиялық экономикалық комиссиясын осы бұйрықтың

1-тармағында көрсетілген тыйым салуды енгізу туралы хабардар етсін.

3. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылым министрлігінің Өнеркәсіп комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылым вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының  
Өнеркәсіп және құрылым  
министрі**



**Қ. Шарлапаев**